

Павлодар облысының білім беру басқармасы
Павлодар қаласының білім беру бөлімі
«Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

03.12.2021 жылғы
№3 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Қатысқандар: 33
Қатыспағандар: 2

Тақырыбы: «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу»

Мақсаты: 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі жұмыс кезеңінде «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК білім беру қызметтері сапасының тиімді қызметіне толық өзін-өзі бағалау және талдау жүргізу.

Күн тәртібі:

1. 2017 жылдан бастап 2022 жылдың ақпан айына дейінгі жұмыс кезеңінде «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК қызметіне толық талдау жүргізу.
2. Сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалау үшін аттестаттау комиссиясын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша №2 сәбилер бақшасының басшысы О.М.Бондарцованың сөзі тыңдалды. Ол педагогикалық ұжымды 10.09.2021 жылғы №700 «Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша Әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығымен; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 02.02.2016 жылғы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығымен; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 жылғы №604 МЖМБС бұйрығымен; 23.11.2021 жылғы №1-03/218 БСБД Павлодар қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында өзін-өзі бағалауды өткізу туралы бұйрығымен және МДҰ аттестаттау кестесімен таныстырды. Балабақша 2022 жылдың ақпан айында аттестаттаудан өтетіндіктен басшы 2017-2022 жылдар аралығында қызметтің барлық бағыттары бойынша сәбилер бақшасына өзін-өзі бағалау жүргізу қажеттілігі туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша №2 сәбилер бақшасының басшысы О.М. Бондарцова қатысушыларды №2 сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамын құру және бекіту жөніндегі 03.12.2021 жылғы бұйрықпен таныстырды.

Комиссия құрамына мыналар кіреді:

О.М.Бондарцова - басшы, комиссия төрайымы;

В. И.Стинская - әдіскер, комиссия төрайымының орынбасары;

Б.С.Барамбаева - әдіскер, комиссия хатшысы;

А.К.Коккеева - педагог-психолог, комиссия мүшесі;

А.Н.Альдешева - тәрбиеші, комиссия мүшесі.
Әдіскерлер В.И.Стинская, Б.С.Барамбаева құжаттарды Бағалау критерийлерінің 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес дайындасын.

Психолог А.К.Коккеева Бағалау критерийлерінің 6-қосымшасына сәйкес ата-аналармен сауалнама жүргізу бойынша құжаттарды дайындасын.

Тәрбиеші А.Н.Альдешева Бағалау критерийлерінің 4-тармағы 10-тармақшасына сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу жөніндегі құжаттарды дайындасын.

Педагогтер бағаланатын кезеңде өзін-өзі бағалау үшін барлық құжаттарды толық көлемде ұсынсын.

03.12.2021 жылғы №3 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

Білім беру қызметтерін ұсыну бойынша №2 сәбилер бақшасының тиімді қызметін объективті талдау және өзін-өзі бағалау мақсатында:

1. 2021 жылдың желтоқсан айынан бастап «Павлодар қаласының №2 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

2. Комиссия мүшелері 05.01.2022 жылға білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын.

3. 05.01. 2022 жылы өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша №4 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.

4. №3 кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасынан үзінді балабақша сайтында орналастырылсын.


Төрайым:

Сәбилер бақшасының басшысы

Хатшы:

Сәбилер бақшасының әдіскері

 О.М.Бондарцова

 Б.С.Барамбаева